

«Бекітемін»
Сырым аудандық «Жас туристер станциясы»
КММ директоры  Б.Батыршин

«Келісемін»
Сырым аудандық білім беру бөлімінің
басшысы  Б.Джанбулсинов

**Сырым ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Сырым
аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің
2021 жылға арналған жұмыс
ЖОСПАРЫ**

Жыманты, 2021 жыл

Мазмұны

I. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2021 жылғы жылдық жоспары

- 1.1. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы**
- 1.2. Әдістемелік-нұсқаулық жұмысы**
- 1.3. Мамандарды даярлау**
- 1.4. Басқару – бақылау жұмысы**

II. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2020 жылғы жұмыс есебі

I. Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары

№	Шара мазмұны	Өткізілетін орны	Өткізілетін мерзімі	Орындалу формасы	Жауапты
I. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы					
1.	«Мектеп музейі» сырттай марафоны - облыстық - аудандық	ОБЖТжЭО АЖТС	Қаңтар-ақпан	марафон	Е.Ескабулов
2.	Аудандық туризм орталықтарын абаттандыру конкурсы	ОБЖТжЭО	қаңтар қараша	конкурс	Е.Бердигалиев экология үйірмесінің жетекшілері
3.	Қысқы І-ші қиындықтағы категориялы шаңғы жорығы	АЖТС	қаңтар	жорық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
4.	Білім беру саласының қызметкерлері арасындағы облыстық «Европа-Азия - 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс 1 этап – аудандық 2 этап - облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК АЖТС	20-23 қаңтар	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
5.	«Туған жер кереметі» өлкетанулық олимпиада	Орал қаласы	қаңтар	олимпиада	Е.Ескабулов
6.	«Балыққа ауа жіберу» және «Құстарға қамқорлық акциясы»	АЖТС	қаңтар-ақпан	акция	Е.Бердигалиев экология үйірмесінің жетекшілері
7.	Оқушылар арасындағы облыстық «Ақшақар - 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс 1 кезең - мектепшілік 2 этап – аудандық 3 этап - облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	4-7 ақпан	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
8.	Қысқы балық аулау облыстық байқауы	Орал қ	4-7 ақпан	байқау	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
9.	Оқушылар арасындағы қысқы І-ші дәрежелі шаңғы жорығы	АЖТС	ақпан	жорық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
10.	«1-ші наурыз Алғыс айту» күніне орай алғыс айту акциясы	АЖТС	наурыз	акция	Е.Бердигалиев
11.	Облыстық «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	ОБЖТжЭО АЖТС	17-19 наурыз	фестиваль	Е.Ескабулов
12.	Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамына орай ұлттық	АЖТС	наурыз	жарыс	Е.Бердигалиев

	ойындар жарысы				
13.	«Струнная капель 2021» аймақтық бард әндерін жас орындаушылар фестивалі	ОБЖТжЭО	наурыз	фестиваль	Е.Ескабулов
14.	«07 аймақ» туризм бағытындағы қашықтан квест-марафоны 1 этап – аудандық 2 этап - облыстық	Орал қаласы АЖТС	наурыз	байқау	Е.Ескабулов
15.	Облыстық «Хрустальды шоқыр» байқауы	Орал қ.	12 сәуір	байқау	Оқу-әдістемелік бөлімі
16.	М.Жұмаев жүлдесі үшін тауға өрмелеу және тау туризмі техникасының ашық біріншілігі БҚО 1 кезең – аудандық 2 кезең - облыстық	ОБЖТжЭО	14-17 сәуір	біріншілік	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
17.	Облыстық жас өлкетанушылар слеті	ОБЖТжЭО	21-23 сәуір	слет	Е.Ескабулов
18.	Спорттық бағдарлаудан «WEST ORIENT» жарысы 1 кезең – аудандық 2 кезең - облыстық	«Евразия» ТСК АЖТС	8-10 сәуір сәуір	жарыс	Ж.Есламғалиев.
19.	«Таза жағалау», «Турист өз ағашынды отырғыз», «Орал өңірінің жасыл желкені» экологиялық акциясы	АЖТС	Жыл бойы	акция	Е.Бердигалиев экология үйірмесінің жетекшілері
20.	Аудандық «Көктемгі алау» туристік фестивалі	АЖТС	мамыр	фестиваль	Е.Бердигалиев
21.	Облыстық «БҚО табиғат ескерткіштері» атты экологиялық экспедиция	Шыңғырлау ауданы	13-15 мамыр	экспедиция	Е.Ескабулов Е.Бердигалиев
22.	«Шырқаған жастық шақ» бард әндерін орындаушылардың облыстық фестивалі 1 кезең- аудандық 2 кезең - облыстық	«Евразия» ТСК	18-20 мамыр	фестиваль	Е.Ескабулов
23.	Орталық және туристік базаны аббатандыру жұмыстары	ЖТС	мамыр- қараша	акция	Е.Бердигалиев экология үйірмесінің жетекшілері
24.	Педагогтар арасындағы І-ші қиындықтағы категориялы жаяу жорық	АЖТС	мамыр	жорық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
25.	Туризм орталығының қызметкерлері арасында облыстық жарыс	Орал қ.	27-31 мамыр	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
26.	Облыстық «Ақжайықтану» туристік-өлкетанулық экспедициясы -аудандық -облыстық	Облыс аудандары АЖТС	05-07 маусым	экспедиция	Е.Ескабулов

27.	Оқушылар арасындағы І-ші қиындықтағы категориялы жаяу жорық	АЖТС	маусым	жорық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
28.	Облыстық жас экологтардың «Жасыл» олимпиадасы	Теректі ауданы	14-16 маусым	олимпиада	Е.Ескабулов
29.	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік –өлкетанулық экспедиция жасақтары слетінің шеңберінде облыстық көктемгі «Қарлығаш» туриадасы 1 кезең – мектепшілік (көпшілік жорықтар) 2 кезең – аудандық (категориялық жорықтар) 3 кезең – 60-шы облыстық жарыс	Орал қ АЖТС	16-20 маусым	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
30.	Балық аулаудан облыстық ашық біріншілік	Орал қ.	16-20 маусым	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
31.	Облыстық жас геологтар слеті	Теректі ауданы	22-25 маусым	слет	Е.Ескабулов
32.	Облыстық велотуризм техникасынан «Күміс шабақ 2021» жарысы 1 кезең – мектепшілік 2 кезең – аудандық 3 кезең-облыстық	Бөрлі ауданы	23-26 маусым	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
33.	Облыстық «Жайық алаңы» зерттеу марафоны	Орал қаласы	22-24 маусым	марафон	Е.Ескабулов
34.	Облыстық оқушылар арасында «Жайық-Урал - 2021» туристік-экологиялық экспедициясы 1 кезең – мектепшілік «Орал өңірінің жасыл желкені» акция 2 кезең – аудандық «Орал өңірінің кіші өзендері» экспедиция 3 кезең – облыстық «Жайық –Урал 2021» экспедиция	Урал өзені	маусым - шілде	Акция экспедиция	Е.Бердигалиев экология үйірмесінің жетекшілері
35.	Спорттық бағдарлаудан «Спорт Live» конкурсы	Орал қаласы	1-5 шілде	конкурс	Ж.Есламғалиев.
36.	Спорттық бағдарлаудан «Бағдар 2021» шатырлы лагері	Бәйтерек ауданы, Янайкино ауылы	6-11 шілде	лагерь	Ж.Есламғалиев.
37.	Педагогтар арасындағы І-ші қиындықтағы категориялы су жорығы	АЖТС	шілде	жорық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
38.	Аймақаралық «Қазақстанның жеті кереметі» өлкетанулық экспедициясы	Орал қ.– Шымкент қ.–Орал қ.	20-29 тамыз	экспедиция	Е.Ескабулов

39.	«Менің Отаным – Қазақстан» мектеп мұғалімдері арасында облыстық семинар-машық. Жорық есебі бойынша байқау	ОБЖТЖЭО	2 қыркүйек	Семинар-машық	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
40.	«Алғашқы алау» күзгі туристік фестивалі	АЖТС	қыркүйек	фестиваль	Е.Бердигалиев
41.	Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия-2021» туристік фестивалі 1-кезең – аудандық 2-кезең – облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК АЖТС	23-26 қыркүйек	фестиваль	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
42.	Экскурсиялық бағдарлау жарысы	АЖТС	қыркүйек	жарыс	Е.Ескабулов
43.	«Туризм. Спорт. Демалыс» плакаттар байқауы	Орал қаласы	қазан	байқау	Е.Бердигалиев
44.	«Күзгі бағдар» спорттық бағдарлау жарысы	АЖТС	қазан	жарыс	Ж.Есламғалиев
45.	Облыстық «Музей тарих – музей тағылым» челленджі	ОБЖТЖЭО	қараша	челлендж	Е.Ескабулов
46.	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылына арналған оқушылар арасында велотуризм жарысы	АЖТС	қазан	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
47.	Қазақтың тұңғыш бард ақыны Т.Досымовты еске алуға арналған «Тау тұлғалы Табылды» атты бард әндерін орындаушылар арасындағы ашық байқау	АЖТС	қазан	байқау	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
48.	Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ. Жездібаевты еске алуға арналған облыстық жарыс 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	Бәйтерек ауданы АЖТС	1-4 қараша	жарыс	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
49.	«Өлке KZ» туризм олимпиадасы	Орал қаласы	қараша	олимпиада	Туризм бөлімі Р.Шуйншкалиев
50.	Оқушылар арасындағы облыстық «Балалар даму академиясы» конференциясы 1 кезең-аудандық 2 кезең-облыстық	Орал қаласы	қыркүйек, қазан, 8-10 желтоқсан	конференция	Е.Ескабулов
51.	Тұңғыш Президент күніне арналған «Менің Елбасым» апталығы	АЖТС	желтоқсан	байқау	Е.Бердигалиев
52.	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылына арналған көпшілік шаралар	АЖТС	желтоқсан	байқау	Е.Бердигалиев

III. Әдістемелік-нұсқаулық жұмысы

1	Жарыс, туриада ережелерін жасақтау		Жыл бойы		Бөлім меңгерушісі
---	------------------------------------	--	----------	--	-------------------

2	Үйірмешілерге оқу - жаттығу жиынын өткізу	АЖТС	Қазан-қараша Желтоқсан-қаңтар Наурыз-тамыз	жиын	Бөлім меңгерушісі
3	Аттестациялау жұмысы	АЖТС	Ақпан-наурыз	аттестация	Директордың орынбасары
4	Облыстық, аймақтық, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен курстарға қатысу		Ақпараттық хаттар мен өтініш бойынша	Кеңес, семинар, конференция	Директордың орынбасары
5	Туристік-өлкетанулық жұмысты жарнамалау жұмыстары		Жыл бойы	жарнама	АЖТС
6	Аудандық шаралардың буклетін шығару			буклет	АЖТС
7	Мектеп музейлерінің буклеттерін шығару			буклет	әдіскер
8	Туристік жарыстар бойынша буклет шығару: - жаяу туризм;- су; - велосипед;- шаңғы; -тау;- «Европа-Азия» туристік фестивалі	ОБЖТжЭО	Жыл аяғына дейін	буклет	бөлім
9	Аудандық мектеп мұражайының жинақ кітапшасы менқұжаттау әдістемесі		1 наурызға дейін	Әдістемелік құрал	Әдіскер
10	Ауданның спорттық бағдарлау бойынша карта жинағы			карта	Ж.Есламғалиев
11	Туристік маршруттар жинағын, тізбесін жасақтау			Маршрут	Ж.Есламғалиев
IV. Мамандарды даярлау					
1	I категориялық шаңғы оқушылар үшін жорығы:		Қаңтар-ақпан	жорық	Туризм бөлімі
2	Қосымша білім беру педагогтарына арналған I категориялық шаңғы жорығы		Қаңтар-ақпан	жорық	Туризм бөлімі
3	«Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясы шеңберінде сүтуризмі жорығының	Жайық өзенінің бойы	сәуір - мамыр	семинар	АЖТС

	жетекшілерін дайындау семинары (I қиындық категориялы жорық)				
4	Қосымша білім беру педагогтарына арналған I категориялық су жорығы жорығы		сәуір - мамыр	семинар	Туризм бөлімі
5	Облыстық «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» өлкетану бөлімінің меңгерушілеріне, әдіскерлері мен үйірме жетекшілеріне семинар	ОБЖТжЭО	сәуір	семинар	ОБЖТжЭО
6	«Серебряная спица» велотуризм техникасынан облыстық жарысы шеңберінде велотуризм жетекшілеріне арналған семинар және I категориялық веложорық		шілде	жорық	Туризм бөлімі
7	Облыстық шатырлы лагерь «Бағдар-2021»		Шілде-тамыз	лагерь	Спорттық бағдарлау бөлімі Нұрманов Р.Е.
8	АБЖТжЭО директорларына арналған көшпелі семинар		қаңтар мамыр тамыз қараша	семинар	Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
9	АБЖТжЭО-ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған көшпелі семинар				Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
10	Қосымша білім беру жетекшілеріне арналған спорттық бағдарлау тақырыбында облыстық семинар				Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
11	Төрешілерге арналған республикалық семинар				АБЖТжЭО ОБЖТжЭО
12	Шыңға өрмелеу мен спорттық бағдарлаудан оқу-жаттығу жиыны	Орал қаласы	Өтініш бойынша	жаттығу	Туризм бөлімі
13	Аудандық, қалалық БЖТжЭО – ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне, қосымша білім беру педагогтарына арналған машықтану жұмысы	ОБЖТжЭО	Өтініш бойынша	машық	АБЖТжЭО ОБЖТжЭО

14	Директор орынбасарларына арналған көшпелі семинар		Ақпараттық хат	кеңес	АБЖТжЭО ОБЖТжЭО
	I категориялық шаңғы оқушылар үшін жорығы:		Қаңтар-ақпан	жорық	Туризм бөлімі
VI. Басқару-бақылау жұмысы					
1	Педагогикалық кеңес	АЖТС	3 рет	кеңес	Директор
2	Әдістемелік кеңес	АЖТС	Жоспар бойынша	кеңес	Әдіскер
3	Директор жанындағы кеңесі	АЖТС	Апта сайын	кеңес	Директор
4	Өзара сабаққа енуді ұйымдастыру	АЖТС	үнемі	қадағалау	директор орынбасары
5	БМК отырысы	АЖТС	Жылына 2 рет	отырыс	Туризм бөлімі
6	Үйірме сабақтарына қатысу	АЖТС	кесте бойынша	қадағалау	директор орынбасары
7	Ашық сабақ шараларды өткізу және талдау	АЖТС	кесте бойынша	талдау	директор орынбасары
8	Тәрбие шараларының өткізілуін қадағалау	АЖТС	Жоспар бойынша	қадағалау	Е.Бердигалиев
9	Үйірме жұмысы жарты жылдық қорытындысы	АЖТС	маусым желтоқсан	есеп	Директор
10	жартыжылдық қорытындысы	АЖТС	Желтоқсан мамыр	есеп	АЖТС
11	Үйірме жұмысының жылдық қорытындысы	АЖТС	мамыр	есеп	Үйірме жетекшілері

II. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2020 жылғы жұмыс есебі

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жұмыс жоспарының аясында өз жұмысының бастаған аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесі 2020 жылыға ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Жоспардың негізгі мақсаты жас ұрақты ұлтжандылыққа, өз Отанын сүйеуге, туған өлке тарихын танып біліп, оны зерттеуге, өлкетану-экологиялық қызметке, қоғамдық пайдалы еңбекке және зерттеу жұмыстарына тарту бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру оздырылған болатын.

Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сырым аудандық әкімшілігінің 2012 жылдың 23 қаңтардағы № 27 қаулысының шешімі бойынша ашылды. Орталық өз жұмысында аудан көлемінде іс-шаралар ұйымдастырумен көзге түсіп, әртүрлі облыстық туристік-өлкетану бағыты мен білім бәсекелерінде аудан намысын қорғаған білімді де жан-жақты дамыған оқушылар тәрбиелеп келеді.

Қазіргі уақытта мекемеде барлығы 14 педагог. Соның ішінде біліктілік санаты бойынша : педагог-сарапшы -1, екінші санатты-1, педагог-модератор -8, санатсыз - 4.

Үйрмелер саны: 30. Соның ішінде бағыттары бойынша: жаяу туризм - 4, тау туризмі -2, өлкетану-3, экология -15, бард-2, спротық бағдарлау-4.

Үйірмедегі оқушы саны: 310 қамтиды; Соның ішінде: ұлдар-140, қыздары-170.

Аудандық және үйірме аралық ұйымдастырылған іс-шаралар

Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-і 2020 жылдың қаңтар айында оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында бүгін ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп балабақша-кешенінің мектеп музейінде аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің үйірме оқушылары арасында «**Жаһаншатану**» атты музей квест зияткерлік ойыны өткізілді. Квест ойынының мақсаты оқушыларға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, жас ұрпақты туған жерді қадірлеу, Күнбатыс Алашордасының көшбасшы Ж.Досмұхамедовтың өмір жолына терең үнілу, өлкетанулық білімдерін кеңейту және туған жерінің өткен тарихын білу, мәдениетін дамыту, мектеп музейін жақын танып білумен зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді, танымдық қызығушылықтарды дамыту, патриоттыққа тәрбиелеу болып табылады.

Шара қорытындысында «Атамұра» командасы ең жоғары 36 ұпаймен ойын жеңімпазы атанса, екінші орын 32 ұпаймен «Азимут» командасына бұйырды, 28 ұпаймен «Көкжиек» командасы үшінші орынға табан тіреп ойынды аяқтады. Квест ойынының соңында қатысушы топтар туралы әділ-қазылар ойы-пікірін білдіріп, жеңімпаздарды аудандық «Жас туристер станциясы» КММ арнайы дипломдармен марапаттады.

Қысқы каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатыныда 2020 жылдың 6 қаңтарында ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешенінің спорт залында үйірме оқушылары арасында **спорттық эстафеталық ойындар** оздырылды. Шараның мақсаты спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықты арттыру. Спортқа деген сүйспеншілігімізді нығайту. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттырып, қалыптастыру. Ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу болып табылады. 36 үйірме оқушысы қамтылды.

Сондай-ақ ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. **Асық ойнату** арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа намысқойлыққа, әділдікке баулу. Балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу. Балалардың өй-өрісін дамыту. Балаларды ұлттық ойындарға

қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 2020 жылдың 6 қаңтарында ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешенінде үйірме оқушылары арасында асық ату ойыны өткізілді. Асық ойыны ережеге сай ұлдар мен қыздар арасында ұйымдастырылып, арнайы шеңберге қойылған асықтарды ату арқылы мергендер анықталып, үздіктер анықталды. Жарыс қортындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Жоғарыда аталған іс-шараларға орталықтың 70-тен аса үйірме оқушысы қатысты.

Үйірме оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қыстап қалатын құстар туралы білімдерін нақтылау, отырықшы құстарды бақылау, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу мақсатында аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің үйірме тәрбиеленушілері арасында **«Құстарға қамқорлық» экологиялық акциясы** бастау алды. Акция аясында оқушылар арнайы жемшашарлар жасап, туризм орталығының ауласы мен жалпы білім беретін Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешені және аудандық «Балдырған» балабақшасының ауласында оқушылар мен балабақша тәрбиеленушілеріне түсінік жұмыстары жүргізіліп, жемшашарлар орналастырылды. Сонымен қатар акция барысында дәл осындай жемшашарлар жалпы білім беретін Қ.Мырзалиев атындағы орта мектеп, аудан орталығындағы мектеп-лицейіне және «Алаш» саябағына ілінді. Қыс бойы жемшашарлар үйірме оқушыларының бақылауында болады. Аталған акцияға орталықтың 56 үйірме тәрбиеленушісі қатысты.

2020 жылдың 24 қаңтары күні аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесі жоспарына сай үйірме тәрбиеленушілері мен үйірме жетекшілері Өлеңті өзеніне **«Балыққа ауа жіберу» акциясын** ұйымдастырды. Акцияның негізгі мақсаты су асты жануарлар дүниесін қорғай отырып, балықтардың қауіпсіздігі үшін су астына оттегін жіберу болатын. Алдымен акцияға қатысушы оқушыларға шараның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, өзен бетінен 20-дан астам ойық тесіліп, қамыстар салынды. Аталған шара қысқы уақытта да жалғасын тауып отырды. Шараға 36 үйірме оқушылары қатысты.

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында **«Атқа міну мәдениетін»** жан-жақты талдай отырып, жылқы жануарының қазақ ұлтының өміріндегі рөлін анықтау, оқушыларға жылқының қасиетін, атқа міну өнерін насихаттау және ауданның танымал жас атбегілерінің қызметімен таныстыру және сондай-ақ оқушыларды жеті қазынамыздың бірі қазақы тазыны аңға салу мен күтіп баптау ерекшеліктерін меңгеру мақсатында **«Арғымақ мінген арымас»** және **«Тазыны баптаудың, аңға салу жолдары»** атты танымдық-практикалық сабақ ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар атқа мініп серуендеп, атқа мінуді қызықтады. Шараға 22 үйірме оқушысы қатысты.

Ұлы Отан соғысының жеңістің 75 жылдығына орай Ұлы Отан соғысында ар мен намысты ту еткен батырлар рухына тағзым ету, қазақстандықтардың ерен ерліктерін бағалай білу мақсатында жас ұрпақ бойына Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, азаматтыққа және әскери - патриоттық рухта тәрбиелеу мен шаңғы туризмін насихаттау, шаңғы туризмінің техникасы мен тактикасын меңгеру мақсатында ағымдағы жылдың 30 қаңтар мен 4 ақпан аралығында **Бұлдырты-Қарақұдық-Көгеріс-Амансай - Жымпиты** маршруттары бойынша 74 шақырымды құраған дәрежелі шаңғы жорығы ұйымдастырылды.

Жорыққа аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің әдіскері Ескабулов Ерлан жетекшілік етсе, жорық құрамына ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебінің жанындағы орталықтың «Атамұра» туристік-өлкетану үйірмесі мен ЖББ

Ж. Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешенінің «Жас эколог» үйірмесінен 7 оқушы қатысты.

Абай атамыздың 175 жылдығына орай «**Абай-дана, Абай-дара қазақта**» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:

-Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу.

-Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру.

-Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге тәрбиелеу болып табылады.

Оқушыларымыздың бойына теңізге тамшы құйғандай болсада Ұлы ақынымыз туралы мәліметтер берілді. Аталған тәрбие сағатына 10 үйірме оқушысы қатысты.

2020 жылдың ақпан айында С.Датұлы атындағы орталық музейінің жоспарына сай ұйымдастырылған «**Кешкі музей**» музей акциясы орталықтың баррлық педагог қызметкерлері толық қатысып шықты.

"Еріктілер жылы" аясында және 1- Наурыз Алғыс айту мерекесіне орай аудандық "Жас туристер станциясы" мекемесінің ұжымы үйірме оқушыларымен зейнеткер ұстаздардың үйлеріне барып құрмет көрсетті. Алдымен XXII партсъезд атындағы орта мектептің алғашқы (қазіргі Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп) директоры, бастауыш сынып мұғалімі қызметтерін абыроймен атқарған 85 жасқа келіп қалған ұлағатты ұстаз Нургазиева Қанипа Жұмабайқызының үйіне барып, естелік әңгімесін тыңдап, "**Ардагер ұстаздың үйі**" тақтайшасын іліп, әжеміздің ризашылығын алды.

Сонымен қатар «Сырым елі» қоғамдық – саяси газетінің ардагер журналистері, ҚР Журналистер Одағының мүшелері, белгілі ақын, Сырым ауданының құрметті азаматы Махмет Қажиахметов пен газеттің жауапты хатшысы Мүсірбек Айташевтің үйлерінің қақпаларына «**Ардагер тілшінің үйі**» деген тақтайша орнатылды. Шараға орталықтың 30-дан астам үйірме оқушылары қатысты.

Жоспарға сай өлкені кешенді тануда оқушылардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру және азаматтылыққа тәрбиелеу, экспедициялық отрядтардың туристік-өлкетану қызметін белсендіру, балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын таныту, оқушылардың іздестіру-зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру, үздік экспедициялық отрядтарын анықтау, тәжірибе алмасу мақсатында 2020 жылдың наурыз айының 10-12 наурыз күндері аралығында білім беру бөлімінен бекітілген кесте бойынша мектеп оқушылары арасында облыстық «**Менің Отаным - Қазақстан**» туристік экспедициялар слетіне аудандық кезеңін жылжымалы түрде өткізілді.

Слет қортындысы бойынша жалпы командалық есепте жалпы білім беретін Көгеріс негізгі мектебінің оқушылар командасы III-ші орынға, жалпы білім беретін Қособа орта мектебінің оқушылар командасы II-ші орынға, жалпы білім беретін Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп балабақша кешенінің оқушылар командасы I-ші орынға ие болды. Слетке аудан мектептерінен 48 оқушы қатысқан болатын.

Еріктілер жылына орай оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында орталықтың үйірме оқушылары арасында "**Қозы көтеру-2020**" сайысы ұйымдастырылған болатын. Шараға оқушылар белсене қатысып, бәсекелестік тұрғыда жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар арасында қозыны 100 - ге дейін көтергендер болды. Шара қортындысында "Қозы көтеру-2020" on-line сайысында Серік Дәулет қозыны 100 рет көтеріп, сайыс жеңімпазы атанды. Сүйінғали Мақсат және Габдоллов

Алишер қозыны көтеруде екеуі тең түсіп (84 рет көтеріп) 2 орындарды иеленсе, қозыны 83 рет көтерген Қасымов Қуаныш 3 орынға ие болды. Қозыны 80 рет көтерген Бақтықожа Әлішер "Жеңіске деген жігері үшін" диплом, медальдармен марапатталды. Шараға ЖББ Қ.Мырзалиев ат. орта мектебі мен ЖББ Ж.Досмұхамедов ат. ОМБк-нен орталықтың 18 үйірме оқушылары қатысты.

Аудандық "Жас туристер станциясы" КММ қосымша білім беру педагогы Ажигалиев Сырым Хамидоллаұлы үйірмеге қатысатын оқушыларына "Туристік алаулар түрлері және олардың қолданылу ережелері" тақырыбы бойынша online сабағын ұсынып, оқушыларға жолдаса, Ескабулов Ерлан Максотұлы «Атамұра» туристік-өлкетану үйірмесінің оқушыларына жалпы білім беретін Бұлдырты орта мектебінің мектеп музейіне жүргізген **онлайн экскурсия-саяхат** ұйымдастырса, Қдыргалиев Азамат Уалиахметұлы жетекшілік ететін туризм бағытындағы "Бард" үйірмесінің оқушылары арасында Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай 10 тамыз күні үйірме оқушылары арасында **ән байқауын** ұйымдастырды. Аталған үйірме шараларына 30-ға жуық үйірме оқушылары қатысты.

Экология бағыты бойынша қосымша білім беру педагогы Кайргалиева Илона Нұрмағамбетқызы жетекшілік ететін экология бағытындағы "Экосити" үйірмесінің оқушылары Республикалық **"Өзінді сақта-бетперде тақ!"** челленджін қолдау, насихаттау мақсатында қашықтан ұйымдастырған видео жолдауын ұсынады. Айдарханова Айымгуль Ергенқызы өзі жетекшілік ететін "ЭкоӘлем" үйірмесіне қатысатын оқушыларының бос уақытын тиімді өткізу мақсатында **"Туған өлке табиғаты"** атты фото байқауын ұйымдастырды. Байқау қортындысы бойынша I орын Мендібай Ақзер, II орынға Ниязова Диана, III орын Нариманова Мәдина ие болған болатын. Мухамедова Мейрамгуль Жардемғалиқызы жетекшілік ететін экология бағытындағы "Алтын дала" үйірмесінің оқушыларына **"Үй жағдайында бөлме гүлдерін отырғызу әдісі"** тақырыбы бойынша әзірлеген online сабағы өткізді. Аталған шараларға экология бағытындағы үйірмелерден 45 үйірме оқушылары қатысты.

Спорттық бағдарлау бағыты бойынша Есламғалиев Жасқанат Бауыржанұлы өзі жетекшілік ететін спорттық бағдарлау бағытындағы «Азимут» үйірмесінің оқушыларына **«СПОРТ LIVE»** қашықтан спорттық бағдарлау байқауын (8.08.2020ж) ұйымдастырды. Қашықтықты тиімді жоспарлаушыларды анықтау және оқушылардың спорттық бағдарлауға деген ынтасын арттыру мақсатында өткен байқауға, үйірме оқушылары белсенділікпен қатысты. Оқушылар алдын-ала берілген тапсырма бойынша картадан бақылау нүктелерін тауып белгіледі. Жайманова Гулбарам Бектурғанқызы жетекшілік ететін спорттық бағдарлау бағытындағы «Көкжиек» үйірмесінің оқушыларына **«СПОРТ LIVE» қашықтан спорттық бағдарлау байқауын** (27.08.2020ж) ұйымдастырды. Шуйншкалиев Руслан Әмірғалиұлы жетекшілік ететін "Жосалы" үйірмесінің оқушылары арасында ҚР Конституциясы күніне орай 27 тамыз күні спорттық бағдарлаудан "СПОРТ LIVE" жарысы қашықтан ұйымдастырылды. Жарыс ережесіне сай оқушылар белсенділік танытып, жақсы жұмыс көрсете білді. Қашықтықты тиімді жоспарлаушыларды анықтау және оқушылардың спорттық бағдарлауға деген ынтасын арттыру мақсатында өткен байқауға, үйірме оқушылары белсенділікпен қатысты. Оқушылар алдын-ала берілген тапсырма бойынша картадан бақылау нүктелерін тауып белгіледі. Осылайша оқушылардың білімдері толықты. Жұлделі орын алған оқушылар аудандық туризм орталығының дипломдарымен марапатталды. Спорттық бағдарлау бағытындағы шараға 40-қа жуық үйірме оқушылары қатыстырылды.

Туристік-өлкетану бағыты бойынша Шуйншкалиев Руслан Әмірғалиұлы жетекшілік ететін туризм бағытындағы "Жосалы" үйірмесінің оқушыларына Жосалы

ауылы бойынша тарихи орындар маршруты бойынша тарихи онлайн экскурсиясы жүргізіді. Сондай-ақ бағытындағы "Жосалы" үйірмесінің оқушылары арасында ҚР Конституциясы күніне орай 20 тамыз күні жаяу туризм техникасынан "Жеке" қашықтықтар бойынша туристік жарыс оздырылды. Жарысқа үлкен және кіші топтан 16 оқушы белсенділікпен қатысып, қызықты өтті.

2020 жылдың 7 қазан күні Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақиық ақын Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына және Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тәуелсіз "Тарлан" сыйлығының иегері, Қадыр Мырза Әлидің туғанына 85 жыл толуына орай **"Қадыр елінен - Жұбан еліне"** дейін атты туристік-өлкетану веложорығы Сырым ауданының орталығы Жымпитыдан Қадыр ескерткіші алдынан бастау алды. Ақжайық ауданы Сайқұдық және Құрайлысай елді-мекендеріне жалғасты. Маршрут қозғалысына сәйкес тоқталған жерімізде мектеп ұжымдары мен оқушылары веложорықшыларды ыстық-ықыласпен қарсы алды. Жорықшыларға Жұбан Молдағалиев атындағы орта мектебінің директоры Бисенбаева Райса Зейнешқызы мен Талап орта мектебінің директоры Қожанов Алмас Орынбасарұлы қош келдің айтып, ақынның өмір жолына толы мектеп мұражайлары мен Жұбан Молдағалиевтің атына ашылған сыныптарымен таныстырып, экскурсиялар жүргізіліп, ақын өмірін насихаттайтын кездесулер ұйымдастырды. Веложорыққа орталыққа 10 педагог қызметкер қатысты.

2020 жылдың 30 қыркүйегінде **Өлеңті өзені жағасына экологиялық таза жағалау акциясы** ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты өзен жағасындағы өсімдіктер мен су асты жануарлар дүниесіне қамқорлық көрсете отырып, жағалаудағы түрлі қоғамдық қалдықтардан тазарту болып табылады. Шараны алғашқы болып орталықтың «Экоәлем» экология үйірмесінің оқушылары (жетекшіс А.Айдарханова) бастады. Аталған шара алдағы уақыттада экология үйірмесінің оқушылары кесте бойынша жалғастырып, кесте бойынша өткен шараға 20-дан астам экология үйірмелерінің оқушылары қатысты.

Сырым аудандық жас туристер станциясының ұйымдастыруымен 2020 жылдың 14-18 қазан күндері аралығында Сырым ауданында алғаш рет Қазақтың тұңғыш бард ақыны, көрнекті сазгер Табылды Досымовты еске алуға арналған **«Тау тұлғалы Табылды» атты бар әндерін орындаушылар арасында ашық байқау** ұйымдастырылды. Байқауға БҚО аудандарының, Маңғыстау облысынан және Атырау облысынан барлығы 22 орындаушы қатысты. Шараның мақсаты Табылды ағамыздың әндерін кейінгі ұрпаққа насихаттау болды. Байқау нәтижесіне келетін болсақ Бас жүлді Атырау облысы Индер ауданының тумасы Бақтыгереев Алтынбек Айболатұлына бұйырды, 1 орынды Сырым ауданының бард орындаушысы Жанұзақов Бақытжан иеленді. 2 орындарды Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының Опорный мектебінің мұғалімі Тажмуханов Даурен және БҚО Жәнібек ауданының орындаушысы Ерназаров Расул иеленді. Ал 3 орындарды БҚО Сырым ауданынан Кдыргалиева Азамат, Казталов ауданынан Мағжанова Наргиза және Ақжайық ауданынан Марат Қолғанат иеленді. Осылайша Табылды ағамыздың әндері айтылып, кеңінен насихатталды. Қашықтан өткізілген шара 19 қазан күні Сырым аудандық мәдениет үйінде қорытындыланды

2020 жылы 16 қазан күні облыстық **"Ашық аспан астындағы музей-қала"** экскурсиялық бағдарлау жарысының аудандық кезеңі ұйымдастырылды.

Аталған шараның мақсаты оқушыларды тарихи-мәдени мұраларымен таныстыру арқылы ата-баба ерліктерін дәріптеу, өлкетану қызметін дамыту, тарихи ескерткіштерді зерттеу, бағдарлай білуге үйрету болып табылса, шараға орталық жанындағы ЖББ Қ.Мырзалиев ат. ОМ, ЖББ Ж.Досмұхамедов ат. ОМБК, ЖББ Бұлдырты ОМ, ЖББ Көгегіс НМ мен "Сырым колледжі" жанындағы туристік-өлкетану

және экология үйірмелерінен барлығы 12 командадан 48 оқушы қатысты. Байқау қортындысы бойынша "Ұшқын" командасы (жетекшісі Т.Исатаев) ІІІ орынға ие болса, жүлделі ІІ орын "Жас эколог" командасына (жетекшісі Р.Мағзумов) бұйырды. Жарыс жеңімпаздары боп "Экодостар" командасы (жетекшісі А.Бекмуханова) табылды. Аталған шара барысында оқушылар жан-жақты өлкетанулық білімдерін молайтып, шараны қызықты өткенін айтып тарасты. Шараның жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен марапатталды.

2020 жылдың 13 қараша күні аудандық білім беру бөліміне қарасты мектеп оқушылары арасында облыстық **«Туған жер-алтын бесік»** өлкетану олимпиадасының аудандық кезеңі қашықтан оздырылды. Өлкетану олимпиадасының мақсаты туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту және өлкетанулық білімін көтеру болатын. Шара барысында олимпиадаға қатысушылар «Ескерткіштер ел тарихы» және «Бәйге» номинациялары бойынша бақ сынады. Қашықтан өткен шараға ережеге сай орта және негізгі мектептерден 11 мектеп оқушысы қатысты.

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының жоспарына сай жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру, мектеп музейінің қызметін жандандыру, мектеп музейі қызметінің мазмұнымен сапасын және бағыттарын жаңарту бағытында Сырым аудандық білім беру ұйымдары арасында аудандық **«Музей тарих – музей тағылым» челленджі** өткізілді. Облыстық челлендждің аудандық кезеңіне 7 аудандық мектеп музей белсендісі қатысты. Атап айтсақ шараға ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК –нің мектеп музейі, ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы ОМ-нің музейі, ЖББ А.Жұмағалиев атындағы ОМБК-нің мектеп музейі, ЖББ Бұлдырты ОМ-нің музейі, ЖББ Аралтөбе ОМ-нің музейі, ЖББ Қаналиев атындағы ОМБК-нің мектеп музейі, ЖББ Шубин атындағы ОМ-нің мектеп музей белсенділері қатысты. Облыстық челленджнің кестесі бойынша Сырым ауданы 18 қараша күні Қаратөбе ауданыдық мектеп музейінен қабыл алып, үстіміздегі жылдың 20 қараша күні челлендж Тасқала ауданына жолданды. Шараға 7 мектеп оқушысы мен жетекшісі қатысты.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай **«Менің Тұңғыш Президентім»** атты үйірме оқушылары арасында қашықтан эссе байқауы ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша «Бағдар» үйірмесінің оқушысы Серікқали Бердібек 1 орынды иеленді.«Экосити» үйірмесінің оқушысы Елеуғали Мансур мен «Жас эколог» үйірмесінің оқушысы Мұратова Жасмина 2 орындарға ие болды. Ал, «Алтын дала» үйірмесінің оқушысы Наурызбаева Сезімай мен «Бард» үйірмесінің оқушысы Аманжол Айдын 3 орындарға ие болды. Оқушылар аудандық «Жас туристер станциясы» КММ дипломдарымен марапатталды.

Облыстық іс-шаралар бойынша

2020 жылдың 22-24 қаңтар күндері аралығында Орал қаласында шаңғымен **спорттық бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионаты** оздырылды. Бұл жарысқа Сырым ауданынан аудандық туризм орталығының мамандары Батыршин Бейбіт, Есламғалиев Жасқанат және туризм үйірмесінің түлектері Тілеу Мереке, Умбетьяров Мәдениет қатысты. Жарыс төрт (шаңғымен жарысу, спринт, орта және ұзақ) қашықтықтары бойынша өтті. Чемпионат қорытындысы бойынша ауданнан барған спортшыларымыз төмендегідей нәтижеге қол жеткізді.

Ақпан айында ұйымдастырылған облыстық «Ақшақар 2020» шаңғы туризмі техникасы жарысына аудан командасы қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Шараға А.Жұмағалиев атындағы ОМБК-нен 6 оқушы қатысты.

Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында үстіміздегі жылдың қаңтар-ақпан айлары аралығында аудан мектептері арасында Ұлы Отан соғысында ар мен намысты ту еткен батырлар рухына тағзым ету, қазақстандықтардың ерен ерліктерін бағалай білу, жас ұрпақ бойына Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, азаматтыққа және әскери - патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында аудандық **«Желбіре Жеңіс жалауы!» байқауының** үй тапсырмасы: **«Ардагерге құрмет-ұрпаққа міндет»** Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған Челлендж (әлеуметтік желі жобасы) ауданымыздың түкпір-түкпіріндегі ауыл мектептерінің ерікті оқушылары қатысты. Аудандық кезеңге әр ауыл мектебінің бір командасының жұмыс жіберіледі. Челлендж барысында оқушылар соғыс және тыл ардагерлеріне қол ұшын беру, сұхбаттасу, насихаттау т.б. жұмыстары **Facebook** әлеуметтік – ақпараттық желісінде жүргізіліп үздіктер анықталды. Челленджге 19 оқушы қатысқан болатын.

Аудандық "Жас туристер станциясы" КММ қосымша білім беру педагогы Мухамедова Мейрамгуль Жардемғалиқызы қашықтан ұйымдастырылып жатырған облыстық "Туған өлкенің білгірлері" экологиялық викторинасының **"Экоойыншықтар"** бөліміне үйірме оқушысы Есетова Аяна қатысып, облыстық шарада 4 орынға ие болды.

2020 жылдың 12 – 13 тамыз аралығында өткізілген **облыстық «Туған өлкенің білгірлері»** экологиялық онлайн викторина байқауында аудандық "Жас туристер станциясы" КММ қосымша білім беру педагогы Бекмуханова Асель Болатқызы жетекшілік ететін экология бағытындағы "Эко достар" үйірмесінің оқушысы Айдынғалиқызы Аяулым «Экологиялық тапсырмаларды шешу» бағытында қатысып I орын алып, жеңімпаз атанды. Шараға «Экодостар» үйірмесінен 3 оқушы қатысты.

Облыстық **"Туған жерге саяхат"** ашық интернет байқауына Сырым ауданы бойынша қатысушы "Жас туристер станциясы" КММ-ң Мағзумов Рүстем Кумаржанович жетекшілік ететін "Жас экологтар" үйірмесінің оқушысы Мұратова Жасмина қатысып, ауданымыздың Бұлан ауылдық округының тарихы бойынша маршрут жасақтап, атап айтсақ Бұлан ауылы – Шідерті өзені – Бұлан тоғайы – Тайлақ қорымы арқылы экскурсиялық таным жорық ұйымдастырып облыс көлеміне таратып, 4 орынға ие болды.

Үстіміздегі жылдың 18 тамызы күні облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық **«07 АЙМАҚ»** туризм бағытындағы қашықтықтан квест-марафонында аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің үйірме тәрбиеленушісі Мақсот Гулжазира Ерланқызы 10-12 жас ерекшелігі арасында «Тарихқа тұнған -Жымпиты» атты танымдық экскурсиялық маршрутын ұсынып, облыстық шарада жүлделі III орынға ие болды.

Аудандық "Жас туристер станциясы" КММ қосымша білім беру педагогы Есламғалиев Жасқанат Бауыржанұлы жетекшілік ететін спорттық бағдарлау бағытындағы "Азимут" үйірмесінің оқушылары Мақсот Нұрсұлтан, Серғалиева Амина және Ниязова Айдана қашықтан (11.08.2020ж) оздырылған **облыстық "СПОРТ LIVE" сайысына** қатысты. Облыстық сайыстың ережесіне сәйкес оқушылар берілген тапсырманы дәл, тез, тиянақты, дұрыс орындап теориялық білімдерін толық көрсете білді. Тәжірибе жинақтады. Сайыс нәтижесі бойынша Мақсот Нұрсұлтан 13-17 жасар ұлдар арасында 1 орын алса, Ниязова Айдана 10-12 жасар қыздар арасында 1 орынға ие болды. Оқушыларымызды жұмыстанып жатқан (қашықтан өткен) сайыстың видеосы әлеуметтік желіге жолданды. Шараға 4 оқушы қатысты.

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының қолдауымен, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы ұйымдастырған **"Әкем, анам және мен-туристік отбасы"** атты облыстық сайысқа 12 аудан және қалалық туризм орталықтарының командалары қатысты. Сайыс ережесі төрт бағыт бойынша бағаланды.

- 1) Бір күндік туристік жорық видеосын әлеуметтік желіге жариялау;
- 2) Туристік фото;
- 3) Далалық жағдайда бардтық ән орындау; 4) Бивуак байқауы.

Бұл сайысқа Сырым ауданы атынан аудандық "Жас туристер станциясы" КММ педагог-ұйымдастырушысы Бердигалиев Есенжан Аманжолұлы отбасымен қатысты. Облыстық отбасылық сайыстың қорытындысы бойынша Бердигалиевтер отбасы жалпы командалық 2 орынға ие болып, облыстық білім басқармасының грамотасымен, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының дипломдарымен марапатталды.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының қолдауымен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы 18-21 қыркүйек аралығында **"Менің Отаным — Қазақстан"** туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слетін қашықтан ұйымдастырды.

Сегіз бағыт бойынша оздырылған слет жаңа ғана аяқталып, қорытындысы шықты. 12 аудан және Орал қаласының командалары қатысқан слетке Сырым ауданының экспедициялық жасақтары да барлық бағыт бойынша белсенді қатысып, ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ есепте III орынға ие болды. Шараға сырым ауданынан 10 оқушы қатысты. Жарыстың туған өлке соқпақтары номинациясында Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК-нің 9 сынып оқушысы Назерке Батырашева I-ші орын алып, республикалық кезеңге жолдама алып қатысып келді.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының қолдауымен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы 2020 жылдың 28-29 қыркүйек күндері аралығында Халықаралық туризм күніне орай **қашықтан «Европа — Азия» туристік фестивалін** ұйымдастырды. Шараға орталықтан 12 педагог қатысты.

Фестивальдің мақсаты: білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметін насихаттау және озық тәжірибе жинақтау. Туристік сайыс төмендегі номинациялар бойынша бағаланды. Онлайн шара туристік-өлкетанулық фотосуреттер, туристік тұрмыс және дағды, бард әндері, табиғат аясына бір күндік жорық, БАҚ туристік мақалалар жариялау, туризмнен оффлайн сабақ бағыттары бойынша оздырылды.

Бұл сайысқа Сырым аудандық "Жас туристер станциясы" КММ педагогтары ережеге сай әзірленіп, жүлделі III орындарға ие болды.

Аудандық "Жас туристер станция" КММ жоспарына сай 2020 жылы 29-30 қазан күні облыстық **"Ашық аспан астындағы музей-қала"** экскурсиялық бағдарлау жарысының облыстық кезеңіне қатысып, Сырым ауданының командасы жалпы командалық есепте II орынға ие болды. Шараға орталықтан 4 оқушы қатысты.

Үстіміздегі жылдың қараша айында облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен **Жездібаевты еске алуға тау туризмі жарысы** мен **В.П.Фоминді еске алуға арналған «Алтын дала» қашықтан өткізілген жарысына** ЖББ А.Жұмағалиев атындағы орта мектеп балабақша-кешеннің «Жосалы» тау туризмі үйірмесінің оқушылары бақ сынады. Шараға ЖББ А.Жұмағалиев ат. ОМБК-нен 10 оқушы қатысты.

Облыстық **"Жайық-Урал 2020"** қашықтан өткізілген туристік-экологиялық экспедиция отрядының слетінде "Орал- өңірінің жасыл желкені", "Турист, өз ағашыңды отырғыз", "Таза ауыл" экологиялық акциялары бойынша **СЫРЫМ АУДАНЫ ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ 2 ОРЫНҒА** ие болды. Бұл шараға Орал қаласының және 12 ауданның

командалары қатысты. Шараға Сырым мектеп лицейі мен ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК-нен экология үйірмесінен қатысатын 4 оқушы қатысты.

Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жоспарына сай туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту және өлкетанулық білімін көтеру бағытында өтетін VI облыстық «Туған жер - алтын бесік» өлкетану олимпиадасын қашықтан 2020 жылдың 18-20 қараша күндері қашықтан өтетіп жалпы командалық есепте 5-ші орыннан көрінді. Шарға ЖББ Аралтөбе ОМ-нен 1 оқушы, ЖББ Жырақұдық ОМ-нен 2 оқушы қатысты.

Жалпы облыстық іс-шараларға қатысу бойынша Сырым ауданы облыста жарыс нәтижелері бойынша жалпы III-ші орынмен аяқтады.

Осылайша аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-сі 2020 жылғы атқарылған жұмыс нәтижесі мен облыстық жарыстар қортындысы бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жылдық туристік-өлкетану, экологиялық қызметі бойынша шығарылған рейтингісінде алдыңғы орыннан көрінді.